



САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Барлығына және барлық жерде
әділдік? Сексуалдық бағдар
дәстүрлі құндылықтар,
қысымшылық.



Сексуалдық бағдар

Біз өзіміз тап болған, кей адамдарға немесе топтардан гөрі екіншілеріне артықшылық беретін әлемде жол іздей бастағанда, мұндай мысалдардың көптігі таңдандырады. Соңғы жылдары, сексуалды (жыныстық) бағдар мәселесіне, әсіресе, қоғамның гейлерге, лесбиандарға, бисексуалдарға және транссексуалды адамдарға деген көзқарастарына ерекеше көңіл бөлініп келеді. Біз Біріккен Корольдікте жақында гомосексуализм қылмыс деп танылмайтынын және көп елде оған әлі де тыйым салынғанын атап өттік. Алайда алғашқы құқықтық реформа теңдікке апарар қозғалыстың басы ғана еді. Мысалы, Біріккен Корольдікте бастапқыда ерлер үшін гомосексуалды қатынасқа (әйелдерге гомосексуалды қатынасқа қатысты ешқашан заңмен тыйым салынбаған, бұл көзі ашықтытан емес, сірә, білместіктен, елемеуден немесе қымсынудан туса керек) 21 жастан рұқсат етілді, ал гетеросексуалдар үшін бұл шек 16 жас еді. Ары қарай жүргізілетін теңестіру саясаты енгізілді, ал бір жынысты некелер соңғы уақытта қызығушылық пен дау туғызып отыр. Кейбіреулерді неке мәселесінің ерекше маңызды жағдай ретінде қарастырылуы таңдандыруы мүмкін. Патриархалды, буржуазиялық, консервативті неке институты мен гомосексуалдарға ортақ не нәрсе болуы мүмкін? Алайда, некенің патриархалды, буржуазиялық, консервативті институт болса да, ол индивидтерге маңызды құқықтар береді (мысалы, мүлік салығын төлеместен мұрагерлік құқыққа ие болу). Сондай-ақ, неке - қарым-қатынасты көпшілік алдында атап өту және мойындау. Некені белгілі бір қарым-қатынастағы адамдарға ұсынып, ал басқаларға ұсынбау - біздің қоғам ретінде өмір сүрудің белгілі бір түрін қалайтынымыздың белгісі. Әрі қоғам ретінде осындай артықшылыққа жол беруге қандай құқымыз бар? Некенің символдық құндылығы мен беделін жете бағалақ керек. Әйелдерге және дауыс беруге қатысты аргументтерден көргеніміздей, адамдардың жеке қалауы қандай болса да, біреулерге берілген құқықтарды басқаларға беруден бас тарту - оларды қорлау және адамдарды түрлі моральды категорияларға бөліп қарастыратынымыздың көрсеткіші. Әрбір жұп үйлену туралы шешімді, олар үшін қалыптасқан заңға қарсы таңдау ретінде емес, өздері жасауы тиіс.

Бір жыныстылар арасындағы неке

Алайда, одан да басқа мәселелер бар. Қоғам бір жынысты некелерді қабылдай бастады, бірақ полигамия мен полиандрия туралы не айтуға болады? Біздің шектеу қоятын тәжірибеміз кемсіту болмай ма? Мысалы, екі ер адам мен бір әйел өз өмірлерін бір отбасы ретінде бірге өткізгілері келсе, қоғам ретінде біздің бұған ресми рұқсат беруден және неке құқығын кеңейтуден бас тартуға дәлелді негіздеріміз бар ма? Әрі олар қандай негіздер болуы тиіс? Алайда, бұл сұрақты одан да тереңірек қарастыралық, жалпы некенің өзі қажет пе? Некені ресми түрде мойындаудың қандай да бір себеппен ешқашан үйленбейтін адамдарға әсері қалай болмақ? Бұл олардың өмірінің белгілі бір мағынада сәтсіз болғанын білдіре ме? Осындай тұжырым жасауға біздің қандай құқымыз бар?

Ал, Неке – көп мәселенің бірі ғана. Жынысын ауыстырғандар, әсіресе, өздерінің құқықтық мәртебесі мен тұлғасына қатысты алаңдайды. Жынысын ауыстырғандардың төлқұжаттарында немесе жүргізуші куәліктерінде бұл мәселе неліктен жазылуы керек? (Неге біз кез келген жағдайда біреудің жынысының оның жүргізуші күәлігінде көрсетілгенін талап етеміз?) Мұндағы көзделген мақсат қандай? Жынысын ауыстырған әлдекім қоғамдық жуыну орындарында қай бөлмеге кіре алады немесе оған рұқсат беріледі? Сонымен қатар балалары бар біреудің жынысын өзгертіп, содан кейін ажырасқанын қарастырайық. Баланы өз қамқорлығына алу үшін бұл өзгерістің қандай да бір қатысы бола ма? Бұлар - көпшілік алдында және философиялық тұрғыдан жақында ғана талқылана бастаған мәселелер. Осы қалыптасқан сенімдерді жеңіп, құқықтарды мойындау керек деп айту оңай. Іс жүзінде бұл әлдеқайда қиын.

Дәстүрлі құндылықтар

Бір жынысты некеге қарсы адамдар немесе полигамдық некенің мемлекеттік мақұлданыуы туралы мәселені қоюдың өзі шектен шыққандық деп есептейтіндер отбасының дәстүрлі құндылығын некенің маңызын көрсететін сенімді дәлел ретінде ұсынады әрі оны қарым-қатынастардың жаңа түрлерімен байланыстыруға қарсы. Консервативті ой иелерінің айтуынша, бұрыннан қалыптасқан моральдық дәстүрлерді ұстануымыз қажет, әйтпесе жолдан адасамыз. Біз өз тамырымызды жоғалтып, алдағы күнімізді жоспарлау мен өмір сүрудегі бағдардан айрыламыз, басқалардан не күтерімізді де біле алмаймыз. Өзгерістердің зияны көп болуы мүмкін. Ежелгі ғимараттарды бульдозермен қиратып, олардың орнына жаңаларын салу үшін аса абай болуымыз керектігі белгілі, сол сияқты, моральдық дәстүрлерді бұзуға



да сақтықпен қарағанымыз жөн. Либералдар ағартушы ой әсерінен иррационал жалған сенімдердің күйрейтінін көретін жерден, консервативті адамдар көрген азаппен бірге жинақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан даналықты іздейді.

Француз революциясы мен оған себеп болған саяси идеяларға шабуылдайтын «Франциядағы революция туралы ойлар» атты еңбегінде (1790) саясаттағы ақыл мен теорияның үстемдігіне қарсы шықты. Берк әдет пен ғұрыптардың маңызын атап өтті, әрине, саналы ойдың сынына төтеп бере алмаса да, оларды өзі орынсыз санайтын мұндай сынақтан өткізу дұрыс емес. Бұл тақырып жиырмасыншы ғасырда Майкл Оукшотт (1901–1990) еңбектерінде қайта көтерілді, ол «Саясаттағы рационализм» (1962) еңбегінде және басқа да шығармаларында дәстүр мен қалыптасқан институттарымыздың бізден гөрі әлдеқайда дана екенін, оларды реформалау мен қайта құрудың қате әрі зиянды болатынын, асықпай әрі мұқият жүргізілетін тәсілдерді ғана қолдану керектігін айтты. Осы тұрғыдан алғанда, саясатта ақыл-ой мен аргументтің не нәрсеге жете алатыны туралы қате пікір ұстанатын бар прогрессивті либералды индивидуализм өте зиянды. Өзіміз жиі көретініміздей, мұның екі жағының да пайдасын көруге болады. Егер бәрі әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерге тәуелді болса, біз соңғы елу жылда еркіндік жолындағы прогреске қол жеткізбес едік. Екінші жағынан, Берк пен Оукшоттың пікірлерімен санаспауға да болмайды. Өткеннің жетістіктеріне құрметпен қарауымыз керек және көп нәрсені жетік біле бермейтінімізді мойындауға тиіспіз. Сәулет нысандарымен салыстыра қарау көзімізді ашады: Ескінің бәрі жаман емес және олар бүгінде біз қалағандай болып өзгермейді. Тепе-теңдікті сақтау - оңай шаруа емес. Өткеннің моральдық дәстүрлерінің қайсысы әлі күнге дейін құрметке лайық екенін, ал өмірімізді жеңілдету үшін қайсысынан құтылғанымыз жөн екенін анықтау үшін кәдімгідей жұмыс атқару керек.

Қанау, білім, саясат

Осыған дейінгі талқылау либералды сипат алды ма деген сұрақтың жауабына қарамастан, кей сәттері талқылау салыстырмалы түрде үстірт өтті деген ой түюге болады. Иә, әйелдердің, азшылық топ пен мүгедектердің жұмыс орнында және кей кездері тұрғын үй нарығында кемсіту көретіні туралы пікірдің айтылғаны рас. Неке басқаларына қарағанда қарым-қатынастардың белгілі бір түрі үшін ғана тиімді (немесе ешқайсысына тиімді емес). Алайда кемсітудің бұл институционалдық түрлері маргиналды топ мүшелерінің тәжірибесін нақты сипаттай алмайды. Ең нашар жағдайда ол афроамерикалық жазушы Ральф Эллисон (1914–1994) (Ralph Ellison) 1952 жылы алғаш рет жарияланған қызықты әрі қорқынышты романының («Көрінбейтін адам» деген) атауынан-ақ көрінетіндей түкке тұрғысыз жан немесе тіпті көрінбейтін адам ретінде қарастырылады: Көрінбейтін Адам (Invisible Man). Адамның өз өмірін кемсіту және жалған сенім субъектісі ретінде сүруі - үлкен әділетсіздік. Бұл сіздің ішкі болмысыңызға тереңдей еніп, өз қабілетіңізге күмәнмен қарауға итермелеп, өзіңіздің саясат пен қоғамдық пікірталастарға, театр және опера секілді «таңдаулы» іс-шараларға қатысу құқықтарыңызға сеніміңізді шайқалтады. Америкалық феминист-философ Ирис Марион Янг (1949–2006) қанау, маргинализация, шарасыздық, мәдени империализм мен зорлық-зомбылықты «езгінің бес қыры» ретінде көрсетіп, өте жақсы түсіндіріп берді, бұлардың барлығын езгідегі топтың мүшелері түрлі дәрежеде бастарынан өткізуі мүмкін.

Философтарды ерекше қызықтырған бір мәселе - маргинализация мен шарасыздықтың қалай бірлесе алатыны, ол білім, шығармашылық және куә болу тәжірибесі арқылы келеді. Тіпті қазірдің өзінде әйелдерге топтық пікірталастарға құнды үлес қосуға қабілетсіз немесе қосуы екіталай ретінде қарастырылады немесе олардың осындай үлесі болса да, тиісті деңгейде мойындалмайды (бұл сот залында жүріп жатқан пікірталасты тамаша бейнелеген Риана Дунканның карикатурасынан жақсы көруге болады, ол жерде Төраға: «бұл тамаша ұсыныс, Мисс Триггс, деп атап өтеді. Бәлкім, осында қатысушылардың біреуі осы қалар еді. Бәлкім, бұл салада қандай да бір жалпылама әмбебап шындық болмаса да, полиция немесе сот немесе мемлекеттік органдар қандай мәселені айтса да жас, жұмысшы, қара нәсілді адамға қарағанда әлдеқайда орташа жастағы ақ нәсілді адам сенуге бейім келетін кездер кездеседі. Бұл біреудің күнделікті (тұрақты) тәжірибесінің бір бөлігі болғанда, кішігірім эпизодтар жиыла (қосыла) келіп, маргинализация (жатсыну) мен шарасыздықты күшейтеді. Қысым (езгі, қанау) әрқашан да, тіпті жиі алдын ала ойластырылған қастандық емес. Бұл белгілі бір жағдайда, көптеген адамдардың, кішігірім іс-әрекеттердің салдарынан туындайтын ауаның ластануы сияқты.

Жағдайдың мәні

Егер осы құрылымдық факторлар біреулерге қысым туындатса, енді біреулерге олар артықшылық



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Барлығына және барлық жерде әділдік? Сексуалдық бағдар дәстүрлі құндылықтар, қысымшылық.

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

туындатады. Алайда, осы артықшылықтан пайда көретіндер өздерінің табыстарын әділетсіз құрылымдық ерекшеліктердің салдары деп есептемейді (деп сирек есептейді). Экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ауқатты, сапалы білім алған және іскердік әлемде отбасылық мықты байланыстары бар адамды елестетіп көріңіз. Олар тұрақты құқықтық негізі бар және алуан түрлі экономикасы бар дамыған елде өмір сүріп жатыр деп ойлап көрелік. Бұл жағдайда ауыр жұмыс табыс әкелуі мүмкін. Табысқа жеткен адамдар табыстарын өздерінің ауыр еңбектерімен тығыз байланыстырады, олар басқа да экономикалық және әлеуметтік құрылымда немесе басқа мемлекетте өмір сүріп жатқан адамдардың ауыр еңбектері бекер болып жатқанын аңғара бермейді. Артықшылықтары бар адамдар өздерінің артықшылықтарының қалай пайда болғандығы жөнінде шектеулі білімге қанағаттанады. Басқа күресетін адамдарда, шын мәнінде барлық заттардың қалай ұйымдасқаны туралы әлдеқайда жақсы түсінік болуы мүмкін. Бұл туралы У. өте поэтикалық тілмен былай деп жеткізген.

Қиындықтар әділетсіздік сезімін арттырады

Бұл әрине, қаналушы топтың өзін қанаушы топтар жөнінде айтылғандардың бәрін дұрыс деп, ал артықшылықтары бар адамдардың өздерінің артықшылықтарын қорғап отырғандарының бәрін дұрыс емес дегенді білдірмейді. Бірақ бұл бізге пікірталасты жүргізуде өте қызық бағытты анықтауға мүмкіндік береді. Пікірталастың бұл бөлігін мен әйелдер мен азшылық топтың, кем дегенде, кей жағдайларда, қоғамға жеткілікті деңгейде үлесін қоса алмайтындар ретінде болсын жиі білім алу және куә болу үрдістерінен шеттетілген. Алайда, енді біз, қаналушы топтың, кем дегенде, белгілі бір мағынада артықшылыққа ие екендігін көреміз, себебі, олар үстем топтың өз мәртебелерін ақтауда (негіздеуде) жалған немесе алдамшы формаларын көре алады. Саяси міндет, сонымен, билік пен артықшылықты қорғау үшін ғана емес, жалпы жүйені шынайы негіздеуге ұмтылғандар және билік басында отырғандарға қазіргі жағдайдағы әділетсіздікті көру не түсіну үшін осы мәселені сенімді және жиі қайталау болып табылады. Бұл, әрине, саяси үгіт-насихат пен белсенділіктің мақсаты.